

Кейс: Ішкі туризмді дамытудың мультипликативтік әсері

ДЭФ сарапшыларының пікірінше, туризм саласындағы қазақстандық рейтингті нашарлататын мынадай факторлар бар: - туристік инфрақұрылым сапасының төмендігі (қонақ үйлер, курорттар, мәдени-ойын-сауық объектілері) - 127 орын; – әуе қатынасы ашықтығының жеткіліксіздігі - 123 орын; Қазақстанға туристерді тарту үшін маркетинг пен брендинг тиімділігінің көрсеткіші және елдің бренд-стратегиясының рейтингі бойынша біздің мемлекетіміз 99-орында ғана тұр; Қазақстанның туризм орны ретінде маркетингі мен ілгерілеу белсенділігінің төмендігі, цифрлық сұраныс көрсеткіштері: мәдени және ойын-сауық туризмін онлайн іздеу саны бойынша Қазақстан 104-орында, табиғи туризм бойынша – 116-орында; – жол сапасының төмендігі – 106-орында; – автомобильдерді жалға беру бойынша компаниялардың қатысуының әлсіз болуы – 95-орында; – визалық режимнің күрделілігі – 81-орында тұр. ДЭФ-тің саяхаттар мен туризмнің бәсекеге қабілеттілігінің жаһандық индексіне 2019 жылы Қазақстан 140 елдің ішінен 80-орынға иеленген.

Туризмді дамыту индикаторлары

	2015ж.	2016ж.	2017ж.	2018ж.	2019ж.
Туризмде тікелей құрылатын жалпы қосылған құн, млрд. теңге	406,4	558,8	688,2	784,0	-
Туризмдегі жалпы қосылған құнның жалпы ішкі өнімдегі үлесі, пайыз	1,0	1,2	1,3	1,3	-
Орналастыру орындарының саны, бірлік	2 338	2 754	2 987	3 322	3 592
Санаторлық-курорттық ұйымдардың саны, бірлік	144	154	144	145	145
Кәсіпкерлік қызметпен айналысатын шағын кәсіпорындарды ескере отырып, туризм саласы қызметкерлерінің тізімдік саны (есепті кезеңде орта есеппен), мың адам					
туристік фирмалар	7,3	7,2	7,3	7,4	7,4
орналастыру орындары	25,3	26,5	27,6	29,2	30,0
санаторлық-курорттық ұйымдар	10,5	10,0	9,6	8,0	8,8
Кәсіпкерлік қызметпен айналысатын шағын кәсіпорындарды ескере отырып, туризм саласында жұмыс істейтін қызметкерлердің орташа айлық номиналды есептелген жалақысы, теңге					
туристік фирмалар	85 002	94 465	108 152	95 341	109 265
орналастыру орындары	106 823	112 582	118 606	124 217	133 240
санаторлық-курорттық ұйымдар	77 245	83 385	88 163	90 658	102 654
Шетелге шыққан ҚР резидент келушілерінің саны, адам	11 302 476	9 755 593	10 260 813	10 646 241	10 707 270
ҚР-ға келген резидент емес келушілер саны, адам	6 430 158	6 509 390	7 701 196	8 789 314	8 514 989

Оқуға түсушілерге арналған сұрақ:

1. Кейсте берілген деректерге талдау жасаңыз, ҚР үшін туристік ресурстарды анықтаңыз және ішкі туризмнің дамуы экономиканың сабақтас салаларының дамуына неліктен мультипликативтік әсер ететінін негіздеңіз.